

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1291 тіркелген " Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті есептен шығарудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 1 қарашадағы N 470 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2003 жылғы 11 ақпандағы N 56 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 11 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2197. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 28 шілдедегі N 382 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.28 N 382 бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті есептен шығарудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 1 қарашадағы N 470 бұйрығына (N 1929 тіркелген, 2002 жылғы 26 маусымдағы N 290 бұйрық , " Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ақпараттық бюллетені", N 17, 2002 ж.) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мен мәтініндегі "мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге" деген сөздер "республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен республикалық мемлекеттік мекемелерге" деген сөздермен ауыстырылсын ;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті есептен шығарудың тәртібі туралы нұсқаулықта :

тақырыбындағы "мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге" деген сөздер "республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен республикалық мемлекеттік мекемелерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінде, басқа әскерлері мен әскери құрамаларында қолданылмайтын қару-жарақты, әскери техниканы, қорғаныс объектілері мен өзге де әскери мүлікті қоспағанда, табиғи немесе сапалық тозуының салдарынан, табиғи апаттар мен авариялардың нәтижесінде жарамсыздыққа келген республикалық мемлекеттік кәсіпорындар (бұдан әрі - мемлекеттік кәсіпорындар) мен республикалық мемлекеттік

мекемелерге (бұдан әрі - мемлекеттік мекемелер) бекітілген мүлікті есептен шығару тәртібін анықтайды.";

6 - т а р м а қ т а :

екінші абзац "мемлекеттік басқару органымен келісілген" деген сөздермен толықтырылсын ;

төртінші абзацтағы "кемінде 50 пайыз тозғанда және/немесе" деген сөздер алынып тасталсын ;

7 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "мемлекеттік органдардың мүлкін -" деген сөзден кейін "олардан жоғары тұрған органдар және" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзацтағы "100 пайыз тозғанда және/немесе" деген сөздер алынып тасталсын .

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күніне бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр